

**Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
№39 «Достық» бөбекжай балабақшасы**

**«Өзін-өзі тану» рухани адамгершілік тәрбие беру республикалық
эксперимент бойынша 2020-2022 жылдары жүргізілген жұмыстар**

Ақтөбе қаласы

МКҚК №39 «Достық» МДҰ Ақтөбе облысы білім басқармасының 2014 жылғы 09.10 № 958 бұйрығы, Ақтөбе қаласы білім бөлімінің 2014 жылғы 15.10. №931 бұйрығы, №39 «Достық» МДҰ-ның 2014 жылғы 20.10. № 98 бұйрығы бойынша «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасы бойынша Республикалық пилоттық білім беру мекеме болып таңдалды.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 08.05.2019 №195 бұйрығы незінде №39 «Достық» балабақшасы «Өзін-өзі тану» рухани адамгершілік бағдарламасын іске асыратын негізгі білім беру ұйымы болып таңдап алынды. «Өзін-өзі тану» рухани адамгершілік бағдарламасы мектеп жасына дейінгі 10 топта білім беру салаларымен интеграцияланып жүргізілді

«Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ережелерін басшылыққа ала отырып негізгі мекеме іс-әрекетінде «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілді.

Жобаның мақсаты: жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған тұлғаның дамуына бірыңғай рухани-адамгершілік кеңістік құру болып табылады.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы үш жақты бағытта педагог, бала және ата-анамен жұмыстар негізінде жүргізіледі.

Балалармен жүргізілген жұмыстар:

- білім беру салалары «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Әлеумет», «Шығармашылық» оқу іс-әрекеттері «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы негізінде жалпыадамзаттық құндылықтар енгізіліп интеграцияланып өткізіледі;
- күннің екінші жартысында да балаларға жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу ойындар, серуен, жеке баламен жұмысқа енгізілген;
- сонымен қатар, шаттық шеңбері, жалпыадамзаттық құндылықтар апталық түрінде ұйымдастылды.

Педагогтармен жүргізілген жұмыстар:

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарының жылдық жоспарына «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасы бойынша жалпыадамзаттық құндылықтар енгізілді.

Перспективтік жоспар, педагогикалық кеңестер, ата-аналар жиналыстары, әдістемелік кеңестер жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жүргізіледі.

Оқу жылдарының аяғында «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасын жүзеге асыру бойынша мектепалды даярлау топтарында тәжірибелік-педагогикалық жұмыстардың мониторингі жасалды.

«Өзін-өзі тану kz» республикалық журналының 2020 жылғы №6 кезекті баспасында «Бөбек ғылыми орталығы институтының п.ғ.д, профессор

Аршагүл Қылышбекқызы Рысбаеваның «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасы бойынша №39 «Достық» мектепке дейінгі пилоттық ұйымның жұмыс тәжірибесі туралы мақаласы жарық көрді. Өзінің мақаласында Аршагүл Қылышбекқызы мектеп жасына дейінгі балаларға жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білім беру ісінде маңызды міндеттерді шешу бойынша педагогикалық ұжымның жұмысына жоғары баға берді.

2-12 ақпан аралығында «Өзін-өзі тану: Махабат пен Шығармашылық педагогикасы» атты дәстүрлі онкүндік декада ұйымдастырылып өткізілді.

Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақшамен байланыс арқылы одан әрі жалғанады. Сондықтан бала бойынан жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікте тәрбиелеуде де отбасы мен балабақша шешуші роль атқарады. Мектепке дейінгі ұйымда «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізу үшін ата-аналармен де жұмыстың маңызы зор. Әр ата-ана өз баласының сүйіспеншілік пен мейірімділік, ризашылық пен үйлесімділік жайлаған ортада тәрбиеленуі керектігін білуі қажет. Осы мақсатта МДҰ-да 2020-2021 ж, 2021-2022 жылдар аралығында «Баламызға жүрегімізді ұсынамыз» ата-аналар клубы ұйымдастырылып, келесі міндеттер жүзеге асырды:

- балаларға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізгі принциптерін білу;
- ата-аналармен ағарту жұмыстарын жүргізу;
- мектепке дейінгі ұйымның тәрбие жұмыстарына және іс-шараларына қатысу белсенділігін арттыру (ата-аналар жиналысы, экологиялық акцияларға, спорттық шараларға, шығармашылық жобаларға, ашық есік күні және т.б.)

Ата-аналарға арналған кеңестер: «Жалпыадамзаттық құндылықтарға ата-аналардың түсінігі», «Тәжірибеңізбен бөліс», «Өнеге отбасынан» тақырыптарымен берілді. Мектепке дейінгі ұйымда «Балабақшаға барар жол», «Отбасылық демалыс» фото көрмелер ұйымдастырылды.

Педагогтар рухани-адамгершілік құндылықтар туралы ата-аналармен ағарту жұмыстарын жүргізіп, психолог тренинг- ойындар ұйымдастылды.

Республикалық ата-аналар съезіне мектепке дейінгі ұйымның ата-аналармен жүргізілген жұмыстары таратылды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың рухани даму үрдісінде отбасы мен мектепке дейінгі білім беру мекемесінің өзара әрекеті балабақша мен отбасының бірлескен әрекетінің ұстанымы бойынша жүзеге асырылды.

Ата-аналар клубы үздіксіз жұмыстанды.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасы бойынша облыстық, қалалық семинарлар берілді.

Семинарлар:

2020 жылы 6 қарашада «Өзін-өзі тану рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын оқу-тәрбие үдерісіне интеграциялау» пилоттық жобасының нәтижелері: тәжірибе мен даму мүмкіндіктері» тақырыбында Республикалық онлайн-семинарға қатысқаны үшін сертификат иеленді.

2021 ж. 09-16 сәуір аралығында «Өзін-өзі тану рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізілу ерекшеліктері» әдістемелік семинарына меңгеруші А.Ж.Уркимбаева, әдіскер Г.Б.Ұзақбай, тәрбиеші Чипегина В.А, Ж.Қ.Мандыбаева қатысты. (9,12,14,16)

Мектепке дейінгі ұйымда «Мейірімділік мекені» қызметкерлердің қатысуымен мейірімділік, сүйіспеншілік – елдің ықыласына бөленудің ең төте жолы екенінің айғағы болатынын дәлелдейді. Қызметкерлер «Шанхай» мөлтек ауданында тұратын ҰОС және еңбек ардагерлеріне қамқорлық көрсетеді.

Ұлы Отан соғысы Ардагерлер мен тыл ардагерлері өткен сұрапыл жылдарда Отан қорғаудағы ерліктерін әңгіме етеді. Тәрбиеленушілер қарттарға өздерінің тапқатарын айтып береді. Қарттар өздеріне көңіл бөліп қамқорлық танытқандарына ризашылық көңіл-күйлерін білдіріп, алғыстарын айтады.

№39 «Достық» МДҰ-ның қамқорлығындағы қарттар тізімі

№	Аты-жөні	Мекен-жайы	телефоны	жауаптылар
1.	Испанова Шайзада	Қазанғап-59-15	50-96-12	Ажмуратова Н.М Шуиншалина М.Х
2.	Литовченко Евдокия Ивановна	Қаратаева 21-42	50-23-22	Жакаева Д.К Тайжанова Д.У
3.	Любич Татьяна Петровна	Пожарского 36-17	50-78-67	Олешко Л.И Андреева Е.В
4.	Орлюк Анна Федоровна	Севастопольская 5-4	50-14-63	Дүйсенқұлова Г.Р Балқұл А.А
5	Песоцкая Екатерина Ивановна	Пожарского 13	53-81-14	Нарбаева Ж.А Зулкакова Л.А
6	Краморь Елена Александровна	Котовского 34	87015811431	Баекова З.А Чипегина В.А
7	Ершова Зинаида Васильевна	Тургенева 96 -2-15	54-88-40	Епишкина З.Р
8	Крегер Мария Яковлевна	Қаратаева 21-42	50-23-22	Мұсабек А.М
9.	Жандулетова Ұрқия	Рыскулова 4-2-82	50-74-97	Ұзақбай Г.Б

МДҰ педагогтары Республикалық ғылыми-әдістемелік «Өзін-өзі тану.kz» журналына жазылады. Журнал рухани-адамгершілік білім беруде әдістемелік көмекші құрал болып саналады. Сонымен қатар 2020 жылы облыстық тамыз кеңесіне 6 педагог «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік тәрбие жөнінде мақалаларын жариялады.

«Мейірімділік пен әділдік мекені» адаптивтік бағдарламасы шығармашылық топпен жазылып, мектепалды даярлық топтарында жүргізілді.

- «Ақтөбе ұстазы» газетіне рухани-адамгершілік тәрбиеге бағытталған 4 педагогтың материалдары (Чипегина В.А, Дүйсенқұлова Г.Р, Зулкакова Л.А, Ажмуратова Н.М) электронды түрде шықты;

